

бөлімшеге жетекшілік ететін бірінші басшыға оның орынбасарына мүдделер шиеленісі, оның туындау себептері, қабылданған шаралар туралы ақпарат беруге міндетті. Осы құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін бірінші басшы оның орынбасары мүдделер шиеленісін реттеу үшін барлық шараларды қолданады. Мүдделер шиеленісін реттеу мүмкін болмаған жағдайда, мұндай қақтығысты реттеу туралы мәселені ол бірінші басшының қарауына шығарады.

8.6 Бірінші басшының мүдделер шиеленісін реттеу тәртібін айқындайды, уәкілетті адамды тағайындайды. Қажет болған жағдайда бірінші басшы құрамына комплаенс-офицер, әкімшілік бөлімнің өкілдері кіретін мүдделер шиеленісін реттеу үшін жұмыс тобын құрады. Жұмыс тобының құрамы жұмыс тобының қабылдаған шешімдеріне әсер етуі мүмкін мүдделер шиеленісінің туындау мүмкіндігін болдырмайтындай етіп қалыптастырылады.

8.7. Мүдделер шиеленісін келіссөздер арқылы реттеу мүмкін болмаған жағдайда, ол ҚР заңдарына сәйкес шешіледі.

#### 9. Қорытынды ережелер

9.1. Осы Саясатқа өзгерістер мен толықтырулар бірінші басшының шешімі бойынша енгізіледі.

9.2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын немесе Кәсіпорын Жарғысын өзгерту нәтижесінде осы Саясаттың жекелеген нормалары олармен қайшы келсе осы Саясатқа тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе Кәсіпорын Жарғысының нормаларын басшылыққа алу қажет.